

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – мемлекеттік саясатының маңызды басымдығы

2023 жылдың 13 ақпанында «Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасының аға оқытушысы Л.М. Кулейменова жетекшілік ететін ТТ-22-1 тобында «Сыбайлас жемқорлықпен күрес – мемлекеттік саясатының маңызды басымдығы» тақырыбында шеберлік сабағы өткізілді. Шеберлік сағатқа қатысқандар: Факультет деканы Б.К. Курмашева, ПТ ҒЗИ басшысы Б.А. Бушманова, «Серпін» орталығының жетекшісі Ш.А. Жетпісбай, РАТБК кенесінің мүшесі М.А. Хасен, ТІЖ орынбасары М.Т. Оспанғалиева, ОП-21-2 тобының кураторы Б.М. Исина, ОП-19-1 тобының кураторы С.Ж. Абдығалиева. Шеберлік сағатына 36 адам қатысты.

Мақсаты: Студенттерге “Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру; өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу; студенттерді өз құқықтарын қорғай білуге үйрету.

Шеберлік сағат барысында «Миға шабуыл» әдісі арқылы студенттерден «Сыбайлас жемқорлық» туралы не білетіндері сұрақ-жауап арқылы сұралды, студенттердің дайындап әкелген баяндамалары тыңдалды, бейнероликтер көрсетіліп, пікіралмасу болды, тренинг жүргізілді, тақырып бойынша рөлдік ойындар, жағдаяттық тапсырмалар орындалды, студенттердің топтық зерттеу жұмыстары қорғалды, «Kahoot» платформасында викториналық сұрақтар шешілді.

Шеберлік сағатқа барлық студент белсенді қатысты. Кураторлық шеберлік сағатының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізілді.







